



Әлем балалар әдебиеті

БЕРДІБЕК
СОҚПАКБАЕВ


Менің атым Қожа
*
Балалық шакқа
саяхат





Әлем балалар әдебиеті







Әлем балалар әдебиеті

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

Менің атым **Қожа**
*** Балалық шаққа**
саяхат

Табай өзінен жаңынан жаңынан
— 2005 жылдан бері «Балалық шаққа» — дегендегі
журналдың 10-шы жылдық көмештік магазинің
тұрғындарының үшін шығарылған кітап.

Оо нағылдағы өнеркәсіп, ғылыми мәденилік
жерлердегі ойнаданылған көмештік магазинің

жарырынан шығарылған кітапта, оның 10-шы жылдық
журналының 10-шы жылдық көмештік магазинің
тұрғындарының үшін шығарылған кітапта да
жарырынан шығарылған кітапта да.

«Балалық шаққа» — дегендегі жарырынан шығарылған кітапта да.

Алматы

«Балауса» баспасы

2006

ББК 84 қаз 7-44

С 63

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және
ақпарат министрлігінің бағдарламасы бойынша
шыгарылып отыр.*

Ақылдастар алқасы:

*Ермұхамет Ертісбаев
Қадыр Мырза Әли-төраға
Әлібек Асқаров
Райхан Мәженқызы
Абылайхан Құлбаев
Әбілмәжін Жұмабаев
Оразақын Асқар
Сұлтан Қалиев*

Сокпақбаев Б.

С 63 Менің атым Қожа. Балалық шаққа саяхат.
Повестер. – Алматы: «Балауса» баспасы, 2006. – 344 бет.

Бұл әлем балалар әдебиетіне арналған 50 томдықтың бірі.

ISBN 9965-672-48-2

Көрнекті балалар жазушысы Бердібек Сокпақбаевтың бұл кітабына «Менің атым Қожа», «Балалық шаққа саяхат» атты оқырман қауым арасына кең тараган екі повесі еніп отыр. Бұларда ауыл өмірі, ауыл балаларының мінез-құлық, арман-мақсаты шынайы да шырайлы бейнеленген.

4803250201
С ——————
411(05)-06

ББК 84 қаз 7-44

ISBN 9965-672-48-2

© «Балауса» баспасы, 2006
© Дизайнер Ж.Болатаев

Алғы сөз

Шын талант – дара мінез, кайталанбас қиял, ой-сезім несі. Ол сені өзіне магнитше тартып, қызықтырады, ол сенің арманына, қиялына – қанат бітереді. Шыгарма дең аталағын осынау жасыл бақтың бағбаны – жазушыны сен көрмесең де, ол жакыныңдай жылы шырай танытып, сені ізгі қоніл, ақ тілегімен баурап алады.

Кезінде өздеріңдер мектеп оқушысы болған менің де үмітшілмас жақын жандарым, үмітпас үстаздарыммен қатар, тағы бір аяузым, ардақтыым, гұмыр бойы көкірегімде күмбірлекен тәтті қүйдей әсем әлемім бар. Жан дүниеме қоулесін түсірген, жанарымда үміт үшкіншін жаққан, қиялымды ояткан ол әлем – алуан түрлі асыл кітаптар, оларды жазған талантты жазушылар.

Сендер, өрине, туған әдебиеттің жайнаған жасыл бағында қызылды-жасылды өрнекпен безендірілген өнер отауын тіккен жазушы агаларың – Бердібек Соқпақбаевтың талай шыгармаларын қызыға оқып, рақатқа баттындар – елдің, жердің қадыр-касметін түсініп, ыстық қықыластарың алаудады. Ол – ол ма, күрбы-күрдасының мінез-күлгүшінде мәз-мәйрам болып, өмір туралы ойга баттындар. Міне, енді осы ақ отауга кіруге тағы да мүмкіншілік алып отырсындар.

Ал, Гүлстанға – Сөзстанға сапар шегейік... Кейін, кітапты оқығанда, сендер менің пікіріме келісер ме екеніңдер: біріміздің біріміз сынап корейік. Өйткені өнер – жайқалған жасыл бақ сынды дедік кой... Жазушылардың әр кітабының айттар сырьы, тогілген бояу-өрнегі, құлпырған кестесі оқиганың ар жағында. Оқига колдің беті гана, жазушы ойы теренде шымырлайды. Бойтеректе – бір сандық, бір сандықта – сыр сандық. Бойламасаң, ойламасаң домбыраның көшішінде күй төккен маржан-жырдың құпиясын қайдан білесін?

Сейтіп, көркем өнерге сүйсінуге түсіну косылса, іске сөт! Өнер өресін байқап, гибрат алу, сүйсіне білу, сүйе білу – маган да, саган да сын... Әкел, балам, колынды, жүр аралайық, корейік ақ отауда жайнаған жиһазды.

Бердібек агаларының Қожасы ақ қоніл, албырт мінезді, легенмен, бір басына жетерлік кикарлығы, аяғын шалыс басқан сәттері бршылық; өткірлігі, тапқыр тілі оқушыны талай қызында батырып, езу жинаатпай, құлларында отырады.

Қиялынды оятып, биік мақсат, жаксы іске баулиды. Шынында да, шынайы мақсат, қияла тербелген көк шынардай мүлде болмаса, өмірдің несі қызы?

Жазушы оқушысын ел-жүртін суюге, ата-анасына ракымды, үлкен-кішіге мейрімді болумен қатар әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге үйретеді. Алалдық үшін, акберен мақсат үшін, тазалық үшін күресуге шақырады – өмірдің қия-калтaryсына ойлы коз жіберіп, соларды терең бағалай, барлай біл дейді. Колдарындағы кітаптан алар ләzzат, тағлым, үлгі-онеге үшан теніз.

Он уш жасар Қожа өмірдің біраз сырын түсініп қалған, үлкендер өміріне асыра көл созады. Көкірегінде бірде бұлбұлдай сайраган, бірде қыргидай санкылдаган сезімді түсінгісі келеді. Оның бір жакты лау түсінігі құрделі гұмырдың екіншіне сай көле бермейді. Қожсанын

жаны таза. Төнірегін «шулатып» жатса да, біз осынау ақ көніл, ақ кейлек, қынырлау баланы жақсы көріп, кейде күліп, кейде жымып отырып: «Қожа – Қара көже молодес!» деп кітаптан төгілген нұрга көкірегімізді тосамыз. Кейіпкерлердің мінезін тайға таңба басқандай деп суреттейтін жазушыға деген ризалығымыз арта түседі, тінти, «Бердібек ага, сен молодес!» деп те қойғымыз келеді.

Дала самалың қеудесін кере жұтып өскен Қожа туған жерге деген махаббатпен тыныстайды. Қожаның еркелігін де көтеретін, кемшілігін де кешіретін, мандайынан сипайтын да туған жердің ықыласы. Сайрандаш жүргені де соның арқасы. Мінезі де туған жерінің көктемі мен кузіне ұқсап кеткендей.

Жаны жайсан Қожа ешкімге жамандық ойламайды, ешкімге қиянат істегіci келмейді, бірақ, амалың не, ылғи бір дау-дамайдың арасына түсіп қалып, «таудай пәлені» арқалап жүргені. Бірақ шығарманың тартымдылығы осы шыргалаң оқига мен Қожа мінезіндегі «қайшылықта» жатыр.

Қожаның өзі айтқандай, оның басынан кешкен үшан теңіз мол оқигалар «Архивтың алтын қорына айналады... Мен жөнінде жазылып жатқан осы мәжіліс хаты (Қожаның көкесін педсовет танытып жатқан мәжілісіхат – Х.Ә.) күндердің бір күнінде әдебиет зерттеушісі, ізшілердің бірінің қолына түседі. Сонда ол жерден жеті қоян тапқандай қандай мәз болып қуанады десеңші. Газеттер ең семіз деген әріпперімен дүрілдетіп хабарлар басады: «Атакты жазушы Қожа Қадыров жөніндегі жана деректер! Кітаптар жазылады мен жөнінде, кандидаттық, докторлық диссертациялар қоргалады: «Қадыров Қожа мен Майқанова», «Қадыров Қожа жөне қаз оқигасы», «Қадыров Қожа жөне бақа оқигасы» т.т. с.с.»

Міне, осындаі көп оқиганың қызы ортасында Қара көже – Қара Қожаның балалық шагы етіп жатады, әр оқига бір жыр, қолмен үстап, көзбен көрерлікте – кестелеудің – шын шеберліктің үлгісі, та-маша суреттер. Бедерлі сурет, бейнелі сөз, әдемі кестеленген оқигалардан Қожаның өзі айтқан «Қадыров Қожа жөне бақа оқигасы» Қожаның ақ койлек, анқау мінезін де, ептеген құлығын да, іштен түлеген тапқыр өзіл-қалжының да байқатып, окушы дән риза болады, жымып күледі. «Әй, Қара көже-ай!» дегізіп бас шайқататын мінезі – бәрі-бәрі алақанга салғандай айқын, ашық көрінеді:

Ал, балалар, мен сендерге қызығам. Өйткені сендер керемет бір сапар шеккелі тұрсындар – өнердің жасыл бағында тігілген ақ отауды қызыға, күштарлана аралайсындар!

«Шұжығынан» қызығы мол Қожамен бірге қарасудан балық аулап, Жанарага хат жазып, редакция біткенге өлеңнен боран боратасындар... Педсоветке салса, несі бар... Қожамен бірге түзелесіндер... Менің сендерге қызыгатының: Мен сендермен бірге араламаймын гой.

Сапарларың құтты болсын! Іске сәт!


Хасен Әдібаев
профессор, филология
ғылыминың докторы

БЕРДІБЕК
СОҚПАҚБАЕВ

Менің атым Қожа



© «Жазушы», 2003, Алматы.



КІРІСПЕ ОРНЫНА

Оллаңи, мақтанғаным емес, достарым, шындықты айтып отырмын – әттең, жазушы болсам деген арман менің көкейіме ерте үялады. Үшінші, төртінші кластарда оқып жүргеннің өзінде-ак ақындық данқым мектептен асып, бүкіл ауылга жайылды, «ақын бала» атана бастадым.

Бұл сөз бастапқы кезде менің жанымға тікендей қадалуши еді. Сосын мен мынандай ойға келдім. Талант деген адамға түа бітетін нәрсе. Мен оны ешкімнен сұрап немесе ұрлап алған жоқпын гой. Олай болса, тағдыр басқа салған соң көнбеске амалым қанша.

Жалпы, үлкен ақындар өлеңді тек шабыты келгенде гана жазатын көрінеді гой. Ал менің шабытам қашанда қаламымның ұшында жүретін секілді. Тек уақыт тауып отырсам болды, көсілтіп жазып тастаймын. Ол ол ма, кейде тіпті жаңа бастаған дәптерді тез толтыруға асык болып, бүгін пәлен шумақ өлең жазамын деп, жоспарлап алып та жазамын.

Адам деген өседі гой. Мен көпек-көрнек шарықтап есебастадым. Өлеңдерім класс, мектеп қабырға газеттерінде тоқтаусыз жарияланатын болып алды. Тіпті мен өзім үсынганды қойып, олар өздері жалынып сұрайтын дөрежеге жеттім. «Май туралы бір өлең жазып бере қойшы», – дейді. «Неше шумақ болсын?», «Төрт шумақ», «Жарай-ды». Сабак үстінде отырып-ақ жазып тастаймын. «Тәртіп жөнінде бір өлең жазып бере қойшы». «Класта қалғып отыратындар жөнінде бір сықақ өлең сүйкеп жібермес пе екенсің? Бірақ бастан-аяқ жағымсыз болып журмесін. Әуелі қалғымай сергек отыратын бір баланы сыпаттап

ал». Мінеки, осы секілді заказдар отряд, класс қабырға газеттерінен карша борап түсетін болды.

Бұның бәрі бір кезде мен үшін зор қуаныш, дәреже еді. Бірақ бертін келе үйреншікті нәрсеге айналды да, қанагат болудан қалды. Өлеңдерім негұрлым көп жарияланған сайын, соғұрлым назар аудармайтын, селт етпейтін болып алдым.

Адамды, менінше, арман жетелейді алға қарай. Мен енді өлеңдерімнің типография әрпімен теріліп, жұрт ақша төлеп, сатып алып оқитын нағыз шын баспасөзде жариялануын аңсай бастадым. Шіркін, қандай тамаша болар еді! Айталақ, мектепке «Пионер» журналының жаңа номері келе қалды. Балаларға таратып беріп жатыр. Сол кезде журнал бетін бұрынырақ ашқан біреу: «Ау, мынаны қарандар. Қожаның өлеңі басылыпты!»— деп айқайлап жіберді... Иә, менің өлеңім. «Қожа Қадыров» деп, тайга таңба басқандай айқын жазылған.

Шіркін-ай, дәл осындай жағдай бола қалса, Жанар кайтер еді? Менің талантима, өскенде әйгілі ақын-жазушының бірі болатындығыма оның көзі жетер еді-ау. Со сын ол маған, мүмкін, басқаша қарар еді.

Жантас онбаган қайтер еді? Қоре алмай жарылып кетер ме еді? Ол пәле қарап қалар деймісін, «бұл мен білсем, басқа Қожа Қадыров шығар» деуден де тайынбас.

Күндердің бір күнінде тәуір деген бір топ өлеңімді жотадан басып жүріп, таңдал алдым да, тәуекел деп, Алматыға, «Пионер» журналына айдадым. Менің астананы өлеңмен бомбалауым осылай басталды.

Бірақ неге екенін білмеймін, сол өлеңдерімнің бірдей бірі жарияланбады.

Енді мен тағы бір кулыққа бастым. Әлгі «Пионерге» жіберген өлеңдерімді қайта көшірдім де, «Қазақстан пионері» газетіне айдадым. Мүмкін соларға ұнап қалар. Жоқ, бұл әдісімнен де түк шықлады. Жіберген олеңдерімді олар да жаратпады.

Бұған жасыған мен жокпын, қайта ширыға түстім. Бір-екеуіне ғана жіберіп, өзгелерін құр тастасам, оқиелейтіндей-ақ, енді өлеңдерімді көп дана етіп

көшіріп, өзіме аты мәлім газет-журналдарға түгел жібере бастадым. (Сондагы қарau ойым: бірі баспаса, бірі басар.) Әлгідей етқызу үстінде бір топ өлеңім «Үгітші блокнотына» кетіп қалған екен, сонынан редакция өлеңді қайда ұсынуды білмейтін адамнан қандай ақындық шықпақшы деп, өзімді бөлем, келемеждең жауап жазғанда, үялғаннан жерге кіріп кете жаздадым.

Менің бір риза болатынм – өлең жіберген жердің қай-қайсынан да жауап келеді. «Жалпы алғанда, ақындық қабілетің бар көрінеді. Бірақ әлі де болса көп ізденіп, көп оқып, үйренуің керек...» деген тәрізді үміт үшкінін тастай жазған жылы жауап алсам, төбем көкке екі елі жетпей қалады. Шекесіне редакция маркасы қондырылған мұндай хаттарды балалардың бәріне мақтанаңып көрсетем. Білсін, менің кімдермен байланысым бар екенін.

Ал кей хаттардың сөзі қatalдау да, аяусыз боп келеді. Аты мәлім ақынның бірі өткен күзде «Саган өлеңмен бас қатыруға әлі ерте сиякты. Өлеңдеріннен өзіндік ештене таба алмадым», – деп жазыпты. Бұл мениң төбемнен тас құлаганмен тен болды. Осы секілді ұнамсыз жауап алсам, оны өзгелерге көрсетпек түгіл, мектептегі ақындық даңқыма нұқсан келтірер деп, табанда жоямын.

Ақыры редакциялардың қай-қайсынан да көнілім қалып болды. Соларга өлең жіберем деп, конверт, марка сатып алып, қанша акшам қарап болды десенші. Одан да соның бәрін жиып, конфет алып жесем гой, мықташ бір жыргамас па едім.

Мейлі, баспаса баспай-ак қойсын. Оған бола мен арман еткен нысанамнан, сірә да, жалтармаспын. Солардың ызасынан енді міне өлеңді қойып, сокталдай повесть, жазғалы отырмын. Бәрі кітаптағыдай болу үшін оқигаларды тарау-тарауға бөлемін де, әр тарауга ат қоямын. Өтірік ештене қослаймын.

БІРІНШІ ТАРАУДА

*Оқуышы шыгарманиң бас кейінкөрімен,
ягни менімен танысады.*

635 Енін атым...

636 Атымды айта бастамасам, тілім тандайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін. Мәселен, Мұрат, Болат, Ербол, Бақыт деген аттарды алып қарандаршы. Айтуға да ықшам, естір құлакқа да жагымды. Әрі магына жағынан да, казак тілінен сабак беретін Майқанова тәтейше айтқанда, бұлар жоғары идеялы есімдер. Мұндайлар өз атын кәдімгідей мақтаниш коріп, біреумен таныса қалса, мәнерлеп, көтерінкі дауыспен айтады. Ал енді айтуға да, естуге де колайсыз есімдер бар. Өзге түгіл өзіне де ұнамайды-ақ. Әттең, колдан келсе, табанда өзгертіп, әдемі аттардың бірін иемденіп алар едін. Бірақ амалың нешік, сен қызылшака болып, жөргекте жатқанда, сондагы ақымақтығымды пайдаланып, әке-шешен немесе шілдеханага келіп, дуылдап отырған басқа біреу солай атап жіберген. Өкембайдың баласына Тыңжыртар деп ат қойған секілді, өзге қызу жүрт сол арада ду қостап, осы болсын баланың аты, осы болсын, мұнан жақсы атты дүниені шырқ айналсак та таптаймыз дескен. Міне сол күннен, сол мезеттен бастап, әлгі ат сенімен бірге тугандай мандайыңа шапталған да қалған. Енді одан көзің тіріде қашып құтыла алмайсың. Ұнатпасаң да, мойныңа іліп жүре бересін.

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр. Жұырда мен газеттен оқыдым: қытайлардың ат қоюы қызық болады екен. Бала бес-алты жасқа толғанша, оның тәуелді аты болмайды. «Ортаншым», «кенжем», «сүйіктім», «жұпарым» деген секілді шартты атаумен атап жүреді. Ал есі кіріп, бес-алты жасқа толғаннан кейін, бала озіне қандай есім ұнаса, соны тандап алады. Міне, оділдік деген. Осы дұрыс емес пе?

Жарайды, откенге өкініш жок дегендей, істін турасы-

на көшелік. Менін атым Қожа. Көріп отырындар, пәлендей әйдік ат емес.

Шынын айтсам, бұл о баста Қожа емес, Қожаберген екен. Туу қуәлігінін өзінде солай деп жазылған. Бірақ дүниеде не қылы гажайып құбылыстар бола беретіні тәрізді, бертін келе «Қожабергеннің» қүйрығы үзіліп түсіп қалыпты. Бұл құбылыстың дәл қай жылы, қай айда, қай күні болғанын тап басып ешкім де айтып бере алмайды.

Сонымен мен өзім ес білгелі Қожамын. Ауыл-аймақтың бәрі солай атайды.

Біз бір класта екі Қожа бармыз. Сүттібайдың үлкен баласының аты да Қожа. Окушылар екеуімізді шатастырып алмас үшін өнімізге қарап, мені Қара Қожа, оны Сары Қожа деп атайды.

Өуел баста мен бұған да шамданып қалатын едім. Бірақ журе-бара құлагым үйреніп, дағдыланып кеттім. «Қара Қожа» дегендерге «әу» деп, жалт қарайтын болды.

Жантас тәрізді күжактар осының өзін де дұрыс айтпайды, әдейі бұзып, келемеждеп, «Қара Қожа» деудің орнына «Қара Қәже» дейді. Мен байқамай қалып «әу!» деймін. Бірақ бұл қылыштың үшін, бейшараның обалы нешік, тиісті сыбагасын менен талай рет алды...

Фамилиям Қадыров. Бір кезде «Қадырұлы» деп те жазып журдім. Бірақ жүрттың бәрі «ов» болып жатқанда, менің олардан ала-бөтен жырылып шыққаным жарамас дедім де, «Қадыровқа» қайтып келдім.

Қадыр – менің әкем. Ех, шіркін дүние-ай, десенші! «Әке» деген сөзді айтқанда, жүргім қарс айрыла жаздайды-ау. Қандай жақын, қандай ыстық. Балалар менің әкем өйтті, менің әкем бүйтті. Менің әкем ананы сатып әперетін болды деп, менің әкем мынаны сатып әперетін болды деп, мактаныш етіп жатады. Ал мен болсам, әкемнің қандай адам екенін де білмеймін. Өйткені ол, майданға аттанғанда мен екі жастамын. Екі жасар ақымак не біледі, не түсінеді? Сол кеткеннен абзal әкем мол кетті, оралмады...

Ех, қайран әкем. Егер сен тірі болсан, мүмкін мен будан гөрі басқадай болар ма едім. Кім біледі, жер

әлемді шулатып, сотқар Қожа атанаңп жүргенім әкесіз жетім өскендігімнен де шыгар.

Кімге де болса бір әке әбден керек. Тіпті селкілдеген шалдардың өздері кейде «жарықтық, әкем анандай еді, әкем мынандай еді» деп, еске алыш, армандаштырымай ма?

Ал, күйеу керек пе әйелге? Менінше, әбден керек. Кейде Миллат мамам әкемнін суреттерін ақтарып қарап отырады да, мұнга батып, бір түрлі егіліп кеткендей болады. Кірпігі жасқа шыланады... Мен сол кезде маматайымды керемет аяп кетем. Бірақ аяғанмен не пайда, білем, сезем неге күйзелетінін.

Егер оның күйеуі, яғни менің әкем тірі болса, Қаратай үятсыз мамама өзеуред сөз айтпак түгіл, оның манынан жүре алар ма еді.

Сөйтіп, мен сендерге өзімнін аты-жөнімді айттым. Ал көркем шыгармада кейіпкердің кім екені аталып қана қоймай, сырт бейнесі қоса сипатталатын дәстүр бар гой. Енді соған қошайін. Тоқтаңыз, бұл үшін әуелі өзімді өзім айнадан байыпташ қарап алайын... Мынау, міне, мұрным. Әжем кейде менің атымды атамай «тамыш неме» дейді. Оның айтқаны ып-рас екен гой. Екі танауыма екі саусағым еркін сыйып кетерлік, қосауыз мылтықтың аузындағы үнірейіп түр. Екі шекемнің шығынқылығы болмаса, басым қарбыз тәрізді доп-домалақ, тап-тақыр. Шашымды Әубәкір шал кеше ғана ұстаралып сыптырып алыш тастаған.

Ох, менің шашым! Қаттылығы, қайраттылығы шошқаңың қылшығынан бір кем емес. Осы ауылда оны алуга жарайтын бір ғана ұстара бар – ол Әубәкірдікі. Оның өзі де алғаш салған бетте тұтқырланып, жүрмей қалады. Шашымды әр алған сайын Әубәкір мені бірінші рет кездестірген адамдай тан қалып біtedі.

– Япыр-ай, мұндай да шаш біте береді екен-ау! Мынау шаш емес, тікенек қой. Тікенек. Мінезіңің шатактығы осыдан-ақ көрініп түр.

Сыпатталмаған енді нем қалды? Қаралығымды өзел баста-ак айтканмын. Сол жақ құлағымның астына таман бір түйір қалым бар. Бөтшағардың бітпейтін жерге бітуін қарашы. Одан да бетімнің үшінана таман

болсашы. Сонда әдемірек көрінеге месе едім. Бір азұымды былтыры... жә, оны айтудың қажеті де болмас. Кімнің тісін құрт жемейді дейсін және ол былай қараганда көрінбейді де.

Ал бойымды біреулер орта бойлы дейді. Әжем болса, әкен тәрізді сүңғақ боласың дейді. Кімдікі рас екенін құдайым білсін. Откен күзде мектепте дәрігер қарал елшегенде, бір жұз отыз тоғыз сантиметр шыққан едім. Егер шашым болса, жұз қырық шығуы сөзсіз еді. Такыр бас жүргеннің осындай залалы да бар. Жасым он екіде. Бесінші класты бітіріп отырмын.

Повестің бірінші тарауын осымен докторамын да, келесі тарауга қошемін.

ЕКІНШІ ТАРАУДА

Қаратай жайында айтылады.

Күні бойы футбол ойнап, әбден қалжырадым. Ойын үстінде шаршаганың онша ангарылмайды. Енді міне дел-сал болып, өзімді өзім әрен сүйреп келе жатырмын. Аяққа қонған шанды қарашы, бір елі. Шіркін-ай, осы бойда барып, күмп етіп, өзенге қойып кетер ме еді.

Өзен бойына көз тіксем, қыздар шомылып жүр екен. Мейлі, шомыла берсін, оларға да салқындау керек кой. Ал мен әуелі тамактанып алайын, ішім итше қыңылап, түйені түгімен, нарды жүгімен жұтып жібере жаздан келе жатқам жоқ па.

Қораның бұрышын айнала бергенім сол еді – көзім есік алдындағы тажалға түсті. Жүрегім дір етіп, бойымды деру жиып алғандай болдым. Тажал танжылар емес. Ежелгі дағдысы бойынша біздін босаганы иіскең, мелшиіпті де қалыпты.

Тажал деп отырганым сыры көше бастаган, жагал-жагал үш дәңгелекті, көкшіл көне мотоцикл. Өр жексенбі сайын оның көрген күні осы, біздін корадан шықпайды.

Мотоциклдің иесі – көрші колхоздагы комбайншы

жігіт Қаратай. Жігіт деймін-ау, қайдағы жігіт. Беті өжім-әжім, сақалы тікенектей көрі біреу.

Қаратайды мен қандай жексүрын көрсем, жағал мотоциклді сондай жексүрын көрем. Өйткені оны құстай ұшырып, зырылдатып, лезде алып келетін осы антүрган емес пе.

Будан бір жыл бұрын Қаратайдын әйелі дүние салған екен. Әйелі дүние салды деген сөз, өзі бойдақ қалды деген сөз. Ал өзі бойдақ қалғаннан кейін тагы да үйленбекші. Осы арада кімге деген сұрақ туады. Дүниеде өзге әйел құрып қалғандай Қаратайдын есек дәме көнілі менің Миллат мамама ауатын тәрізді. Жағал мотоциклдің әр жексенбі сайын біздің босағаны иіскеп, қантарылып тұруындағы гәп міне, осы.

Әрине, бұл мәселе жөнінде менен ақыл-кеңес сұрап жаткан ешкім жок. Бірақ мен Қаратайға іштей кіжінемін де, атанның басы менің мамама тиер саған, деген сөзді айтамын.

Үйге кіре беріп, мен мотоцикл дөнгелегін теуіп жібердім. Кім иемденсе, соған құлышылық ететін меніреу техника бұған не жауап қатсын. Зырқ етіп, бір тербелді де, үнсіз қала берді.

Ауыз үйде өжем күбі пісіп тұр екен. Ертеден қара кешке бір тыным алмайтын бейнеткор өжем-ай. Құмпілдетіп піскенде, қарашы, күбінің түбін түсіре жаздайды. Орамалы сырғып, желкесіне түсіп кеткен. Қөпті көрген бурыл басы бусанып, тер иісі келеді. Қолымдағы допты тарс еткізіп, босағаға тастай бердім де, мен сол екпініммен төр үйге қарай беттедім.

Жұмысын дереу догарды да:

– Эй, мына түрінмен қайда баrasын? Онда кісі отыр, – деді өжем.

Өзі қызық кісі, кім отырғанын мен білмейді деп ойлай ма екен.

– Кісі болса қайтушы едім!

Даусым қатты шығып кетті. Мейлі, естісе, есть берсін. Есікті жұлқып ашып, кіріп келдім. Қаратай мен мамам терезе алдындағы столда, әдеттегіше, бетпе-бет әңгімелесіп отыр. Екеуі бірдей маған қарады. Қаратайдын жүзінде менің келуімді жаратпаган абыржу бар. Ал

мамамның тіксініп шытына қараган қабагынан мына тасыр жүрісімнің оған да ұнамағанын бірден ангардым.

Осы бойда бұрыштағы шкафыма қарай өтіп бара жатыр едім, Қаратай күлімсіреген дауыспен:

– Әй, Қожатай, сәлем қайда? – деді.

Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу – көргенсіздіктің белгісі деп, мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп:

– Саламатсыз ба, – дей салдым.

Үлкендердің үстіне бүйімтайсыз, етқызулықпен кіріп келгендіктен, енді амалсыздан бірдене істеуім керек болды. Ту сыртымды мамам мен Қаратайға беріп, шкафтың ең тәменгі сөресіндегі газет-журналдарды максатсыз ақтарып, күйбенде жатырмын. Нені іздел, нені таба алмай жатқанымды бір құдай өзі біледі. Ал екі құлағым мамам мен Қаратайда.

– Иә, биылғы көктем жауынды болды, – деп бастады Қаратай ендігі әнгімесін. – Біздін «Коминтернің» астығы да белуардан кеп, жайқалып тұр. Енді күзгі бұршак-нөсерден аман болса, жұрт рызығы жаман бола коймас.

Әнгіме желісінен жалт беріп, Қаратайдың не болса соны айтып кеткенін мен бірден түсіндім де, тағы не дерек деп, еңсемді көтерместен, өзіммен өзім болғансып, күйбендей бердім.

– Жаман бола коймас, – деп қоштады мамам Қаратайды бейқам үнмен. Онын даусынан: «Ex, Қаратай, менің баламды өйтіп алдарқата алмайсын. Ол бәрін де сезеді, бәрін де түсінеді» деген мағына ангарылатын еді.

Арада бірнеше минут үнсіз өтті. Кенет мамамның:

– Балам, – деген қатқыл үні естілді, – сенің соңша күйбендең, таба алмай жатқаның не зат?

Бұл сөз маган алты өрме қамшымен жоталата тартып жібергендей әсер етті. Әсіресе, «балам» деген сөздің зәрі құшті-ақ еді. Өйткені жайшылықта мамам менің атымды атایтын. «Балам» деген мынау рееси үні «үлкендердің сөзіне тыншылық іstemek болған бұл сасық құлығынды таста» деп, жекіргенмен бірдей еді. Соны тез үктым да, колыма тиген бір журналды ұстап, тайын отырдым.

Қаратай бұл күні біздікінде кей-кейдегідей ұзак отырып алған жок. Менін сонынан кешікпей ол да шықты. Басқа уақытта, кетерінде, әжеммен көнілді қоштасып, маган да бірнеше жылы қалжың, ойын сөздер айтып, жаратағаным қарамастан арқа-басынан қағып аттанатын. Кейде: кел, отыр, ауылды бір айналдырып, серуендептің әкелейін деп, жалбактап, көнілімді тапқысы келетін. Бұл жолы олай емес, қара сүр жүзі онан әрмен күренітіп, енсесі түсіп шықты. Ауыз үйдің төрінде тамақ ішіп отырған мені кою қасты салбыраған ауыр қабагының астынан солғынғана бір шолды да, үндемеді. «Бәйбіше, хош болыныз», – деп, әжеме арнаған сөзін де әйтеуір міндет санап, иегінен оздырмай, жүрдім-бардым айтып, бөгелмestен шығып кетті. Енді бір сәтте мотоциклдің пырс-пырс етіп, шашала от алған үні, оның сонынан мылтық атылғандай патырлап, құлақ тесерлік жайсыз бір іртік дауыстар естілді. Біздін корадан сұрыла шыққан осы үн үсті-үстіне жиіліп, көшеннің басына қарай алыстап бара жатты.

УШІНШІ ТАРАУДА

*Мен өз ойымнан хабар беремін және
құмдағы із жайлы сөз болады.*

Жаратайдын тез жөнелгеніне мен қуанышты едім. Осы кеткеннен қарасы біржолата өшсе.

Мамамның Қаратайға шынымен күйеуге шыққысы келе ме? Мүмкін емес. Бөтен біреууге... тікенек сақал көп-көрі Қаратайға... жо, жо, ол оған шықпайды күйеуге. Тіпті жас болсын, қандай болса, сондай болсын, мамама керегі не бөтен күйеудін? Біз, әжем үшеуіміз, құдайға тәуба, онсыз да жаман түрмаймыз ғой. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Мен әлі оқу бітіріп, ер жетемін, университетке түсем. Жазушы болам. Міне, сол кезде мен мамама, егер ажалы жетіп, өліп қалмаса әжеме де, өмірдің нағыз бақытын көрсетемін.

Осы ойымды түп-түгел актарып, мамама айтқым келеді. Бірақ қалай айтарсын, үят бір түрлі. Жок, ма-

мамнан ондай қылық шығуы мүмкін емес. Қаратайды ол жай сыйлайтын шығар. Менің ер жетіп қалған балам бар, мен қүйеуге тимеймін деп, басалқы айтып, түсіндіретін болар. Бірақ Қаратайдың оны түсінгісі, үккысы келмейді. Қөленкедей еріп, мамамның сонынан екі елі қалмайды. Ух, осы бір сұғанак, тәртіпсіз еректерді ме...

Жок, менің мамам қүйеуге шығуы мүмкін емес. Ол бізді еш уақытта да тастамайды. Ол ақылды, тәрбиелі адам. Ауылдың үлкен-кішісінің бәрі бірдей алдынан кия басып өтпей, хан көтеріп, құрметтеп тұратыны да сол мінезінен емес пе. Онсыз мамамды екі бірдей сайлауда қатарынан аудандық советке депутат етіп сайлар ма еді.

Бұның бәрі менің басыма тыңқылып тойып алғаннан кейін келген ойлар. Аш қарынға данышпан болып жетістірмейсін.

Шомылайын деп, өзенге келе жатырмын. Күн көкжиекке төніп барып қалса да, ыстық әлі қайтпаган, иығым мен шекемнің бір жағын қарып, қүйдіріп барады. Төменгі егінжай жаққа көз жіберсем, темір пештің жалынындаи лапылдал, дарияша жөнкілген ұшы-қиырсыз сағым толқыны. Егіннің арасындағы қара жолмен шанды аспанга бұрқыратып, зырлап кетіп бара жатқан, дәу де болса, әлгіндең Қаратайдың тап өзі. Бар, сол тойғаныңмен. Ех, шіркін, егер мамамның орнында мен болсам, оған не айтуды білер едім. Сосын Қаратай маңыма жоламақ түгіл, қарамды да көрмес еді.

Күн ыстықта су да тартылып, азайып қалады. Әншейінде көгілдірленіп, аспан түстес болып жататын. Айтпақшы, әлгінде осы арада қыздар шомылып жүр еді гой. Іштерінде Жанар да болған шығар. Жанар атың қандай өдемі! Сендердің бұл қызбен танысып қоюларын керек. Осы повестің бас кейіпкерінің бірі болуга Жанар, біріншіден... кластагы ен бір ақылды қыз. Екіншіден, сұлу. Өсіреле қызыл береткасын киіп жүргенде, сондай құлпырып, жайнап кетеді. Даусы қандай шіркіннің, ән салғанда тындасан. Басына үкілі тақия киіп, мын бұратылып, Қамажайға билегенін көрсөн. Барын тұрган өнерлі қыз. Кластагы бірінші үздік оқушы.

Ал енді айтып көр, оны повестің басты кейіпкерінің бірі бола алмайды деп.

Жанарды ойыма алсам, менің ішім гүл жайнап кеткендей болады.

Мейлі, біздің класс жетекшіміз Майқанова мені жамандай берсін, сотқар деп ұрса берсін. Мен өзімнің көкейтесті арманымды, жанымның түпкірінде маздал жанған құпиямды Жанарға бір жөні келгенде актарып айтып берсем, менің кім екенімді ол таныр еді. «Е, бәсе, Қожа осындай екен гой. Талант деген түбінде жарып шықпай қоймайды», – дер еді. Шіркін-ай, былай болса: адам өуелі үлкен болып жарабалса. Өмірдегі өзіне тиісті қызмет мамандығын атқарып болғаннан кейін барып, балага айналса. Сонда маған Майқанова қалай қарап еді. Үлкен кезінде ол әйгілі жазушы болған, оның есімі бүкіл дүние жүзіне мәлім. Олай болса, менің оған әкірендей бергенім жарамас, жазушыны сыйлау керек деп, тәубасына келер еді.

Бірақ амал қанша, өмірде бұлай болмайды, болмақ емес. Әуелі беделсіз, білімсіз бала болып жарабаласың. Сенің үлкейгенде қандай адам болатыныңда ешкімнің шаруасы жоқ. Екінің бірі саған ақыл айтып, үстемдік жургізбекші болады. Ақ, қаранды айрып, жанынның түкпірінде не бар, не жогына үнілмейді.

– Қожа тәртіпсіз!

– Қожа онбаган!

Осылайша шу көтеріп, даңғазалап алып кеп жонеледі. Су жағасы жайдақ, құмдауыт. Тырс етіп, менен өзге бір баланың келмеуін көрдін бе. Жалғызданжалғыз шомылу да көнілсіз. Судың шетіндегі дымқыл құмда біреудің жалан аяқ ізі сайрап жатыр. Мүмкін, осы Жанардың ізі шығар. Тани қоятын адамдай еңкейіп, үңіліп тұрып қараймын. Иә, Жанардың ізі. Ақырын ептең қана аяғымды салып байқаймын. Із аздап кішілеу келеді. Иә, бұл Жанардың ізі болуга тиіс. Бойымды тәтті бір сезім жайлайды да, со күйде қимылдамастан тұрып қаламын.

ТӨРТІНШІ ТАРАУДА

*Жантасқа пионер лагеріне баруга
жолдама беріліп, маган берілмеу жайы,
менің шақ-шәлекей ашулануым
айтылады.*

Анертенгі шайымды ішіп алғаннан кейін аяң-
dap, мектептің спорт аланына қарай келе жат-
тым. Қолтығымда добым бар. Біздін «Спартак» кеше қай-
раттықтардан жеті де бес болып ұтылған еді. Бүгін
оларды қалайда женуіміз керек. Команданың капитаны
ретінде соган қатты ширығып, іштей дайындықпен келе
жатырмын.

Мектептің касында Жантас ұшыраса кетті. Қолында
мөр басылған бір жапырак жазулы қағазы бар. Соны
шертіп-шертіп қойып:

- Қара көже, мынаның не екенің білесін бе? – дейді.
- Ол не?

– Лагерьге жолдама. Біз лагерьге баратын болдық.
Ал, сен көшедегі иттерді тәртіпке салуға ауылда қала-
тын болдын.

Тілінің қыршанқылығы үшін Жантасты мытып алғым
келіп бір тұрдым да, өуелі жолдама жайын тиянакта-
мақшы болдым.

– Оны саган кім берді?
– Кім беруші еді. Майқанова апай берді. Бірақ сен
жоқсың тізімде.

«Неге жокпын?» Жантастан Майқанованиң қайда
екенін сұрап едім, мектепте деді

Бұдан былай біреуді келемеждең сөйлеудің қандай
екенін білуі үшін Жантасты мұрынға сырт еткізіп бірді
шерттім де, жүгіре жөнелдім. Сол бойда екпіндеген қал-
пыммен мұгалімдер бөлмесіне алқынып, кіріп бардым.

Майқанова бірдене жазып, жалғыз отыр екен, маган
басын көтеріп алып, танырқаған кейіппен қарады:

- Не болды? Не болды, Қадыров?
- Лагерьге жолдама берініші маган.
- Саган бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезек-
те барасын.

– Неге?

– Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал екіншіден, ен өуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті оқушыларды жібереміз.

– Жантас немене... менен артық болғаны ма? Майқанова екі бүйірінен біреу қысып қалғандай еңсесін кілт көтеріп алды:

– Сен немене? Мені тергегелі тұрсын ба? Майқанованаң көкшіл көзі шатынай бастады. Оның бір ашуланса шапылдаپ, жуық арада толас бермейтінін білем.

– Бермесеніз, қойыныз,— дедім де, жалт бұрылып, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындаі әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды. Жантас, біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабак үстінде сыйырлап-сыпсыңдағыш, өзі тақтаға шыққанда көрінгенге құлақ түргіш Жантас үлгілі оқушы болғаны да, мен үлгісіз болғаным. Менің сабак үлгеруім одан көш ілгері екені, екпінділігім ешқандай есеп емес.

Сонынан ілесе шықты Майқанова:

– Қадыров! Бері кел.

Мен бұрылып та қарамадым.

– Қадыров!

Есіктен жүгіріп, шығып кеттім.

Турникке сүйеніп, жылмия қарап Жантас тұр. Зығырданым одан бетер қайнап кетті.

– Немене, жолдама алдың ба? – деп сиқырланып жолымды тосқауылдай қалыпты.

– Алдым,— дедім.

– Кәне, көрсетші!

Сарт еткізіп, танаудан тағы бірді шерттім.

– Міне.

Түстен кейін төсегімде демалып жатып, ойға қалдым: бағана Майқановага істегенім тұрпайылық болды-ау, деймін. Әрине, Жантасқа жолдама беріп, маган бермеген онықі де әділдік емес. Ызамды осы келтірді. Дегенмен Майқанова мұғалім, класс жетекшісі. Жө, қазір оку кезі емес кой, каникул. Ол маган не істей алады? Уш айға дейін кім бар, кім жоқ. Мүмкін, жана оқу жылында біздің класс жетекшіміз басқа біреу болар. Онда мен Майқанованаң шеніне де жолай қоймаспын.

Өмір дегенді ойлап отырсан, кызық нәрсе. Бірі мен бірінің қалайда тұзы жараспайтын керегар жараптады. Майканова екеуіміз соның дәл өзі секілдіміз. Біздің киқілжініміз күзде ол осында мұғалім болып келген бетте-ақ басталды. Былай болды. Жана оқулықтар, дәптерлер сатып жатыр дегенді естідім де, әжемнен ақша ала салып, замғап дүкенге келдім. Рас, сатып жатыр екен. Бірак адам деген лық толы. Кезектін соны даалаға шығып кетіпти.

Қайтсем екен деп біраз ойлап тұрдым да, тәуекел деп, ішке кезексіз кірмекші болдым. Өйткені соңындағыларга жетпей қалатын азабы да болушы еді. Соңан соң көрінгеннің оқулығына мінгесіп, жалынасын да жүресін, бұл – күн емес. Өзге ештенен болмаса да, әуелі оқулықтарың сай болсын. Мен былай деп макалдаган болар едім: оқулығы сай бала – көнілі жай бала.

Сығылысып есіктен енді кіре берсем, бойы менін бойымдай ғана, тықылдаган бейтаныс көк көз келіншек алдымды тоскауылдан жібермейді.

– Қайда кимелеп баrasың? Кезекке түр, – дейді. Осы арада тілі күрғыр өтірікті менін еркімнен тыс айтып салды:

– Мен оқулық емес, қант аламын, – дедім. Өйткені магазиннің аргы азық-түлік сататын бөліміне қарай адамдар еркін өтіп жатыр.

Көк көз келіншек мені жіберді. Мен сыр бермеймін деген оймен әуелі қант сататын жаққа өтіп кеттім. Бірак қанттың казір маған түкке керегі жоқ. Маған қажеті бесінші кластың оқулықтары. Прилавканы жағалап, адамдардың арасымен епте, кітап сатып жаткан жаққа қарай сырғи бастадым. Енді бір үмтүлғанда, жетіп те қалатын едім. Кенет әлгі көк көз келіншек желкемнен бүріл үстап:

– Сен адасып барасың. Қант ана жақта сатылады, – деді.

– Сіздің не шаруаныз бар, қоя берініз, – деп, жүлкышып қалдым да, прилавкага бір-ақ барып жеттім.

Көк көз келіншек сатушыға дауыстап жатыр:

– Анау сур кепкалы балага берменіз. Ол кезексіз кіріп кетті.